

Еңбекшілдер, Сандықтау, Шортанды, Атбасар аудандары бойынша облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облыстық мәслихатының мен Ақмола әкімшілігінің 2005 жылғы 7 желтоқсандағы N ЗС-16-13 шешімі. Ақмола облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 4 қаңтарда N 3170 тіркелді.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «селолық», «селосы», «селосының», «селолары» деген сөздер «ауылдық», «ауылы», «ауылының», «ауылдары» деген сөздермен ауыстырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.02.2015 № А-2/65 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 17.02.2015 № 5С-34-6 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 3, 8, 11-баптарына сәйкес, Еңбекшілдер, Сандықтау, Шортанды, Атбасар аудандарының әкімдігі мен мәслихатының бірлескен қолдау хаттары негізінде және облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру мақсатында облыс әкімдігі мен облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Еңбекшілдер ауданы бойынша:

Заозерный поселкесі Заозерное ауылының категориясына көшірілсін.

2) Сандықтау ауданы бойынша:

келесі елді мекендер басқа қоныстар категориясына көшірілсін және есептік көрсеткіштерден шығарылып тасталсын:

Лесное ауылдық округінің Крутые горки ауылы;

Белгородское ауылдық округінің Профинтерн ауылы;

Каменка ауылдық округінің Ключевка ауылы;

жоғарыда көрсетілген басқа қоныстар тұрғындары:

Лесное ауылдық округінің Крутые горки қонысы Лесное ауылдық округінің Лесное ауылының ;

Белгородское ауылдық округінің Профинтерн қонысы Белгородское ауылдық округі Преображенка ауылының ;

Каменка ауылдық округінің Ключевка қонысы Каменка ауылдық округі Каменка ауылының құрамына енгізілсін.

3) Шортанды ауданы бойынша:

Андреевка ауылдық округінің Новороменко ауылы келесі тұрғындардың көшіп кетулеріне байланысты қысқартылсын және есептік көрсеткіштерден шығарылып тасталсын ;

Елизаветинка ауылдық округінің N 38 разъезді, тұрғындары Елизаветинка ауылдық округінің Төңкеріс бекетінің құрамына енгізіліп, басқа қоныстар категориясына көшірілсін және есептік көрсеткіштерден шығарылып тасталсын.

4) А т б а с а р а у д а н ы б о й ы н ш а :

келесі елді мекендер басқа қоныстар категориясына көшірілсін және есептік көрсеткіштерден шығарылып тасталсын:

Ярославль ауылдық округінің Ждановка ауылы;

Новосельское ауылдық округінің Людмиловка ауылы;

Қаражар ауылдық округінің Үлкен Мойнақ ауылы;

Садовый ауылдық округінің Пригородное және Смирновка ауылдары;

Шұңқыркөл ауылдық округінің Қайрақты ауылы;

жоғарыда көрсетілген қоныстардың тұрғындары:

Ярославль ауылдық округінің Ждановка қонысы Ярославль ауылдық округі

Р а д и о н о в к а а у ы л ы н ы ң ;

Новосельское ауылдық округінің Людмиловка қонысы Новосельское ауылдық

о к р у г і Н о в о с е л ь с к о е а у ы л ы н ы ң ;

Қаражар ауылдық округінің Үлкен Мойнақ қонысы Қаражар ауылдық округі

Қ а р а ж а р а у ы л ы н ы ң ;

Садовый ауылдық округінің Пригородное және Смирновка қоныстары Садовый

а у ы л д ы қ о к р у г і С а д о в о е а у ы л ы н ы ң ;

Шұңқыркөл ауылдық округінің Қайрақты қонысы Шұңқыркөл ауылдық округі

Ш ұ н қ ы р к ө л а у ы л ы н ы ң қ ұ р а м ы н а е н г і з і л с і н .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Облыс әкімі

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

хатшысының міндетін атқарушы